

## **№1 - дәріс. Кіріспе. «Мұрағаттану негіздері» пәннің мақсаты мен міндеттері.**

**Дәріс сабағының мақсаты:** студенттерге «Мұрағаттану негіздері» мақсаты мен міндеттері туралы түсінік беру.

**Кілт сөздер:** Мұрағат, мұрағаттық қор, мемлекеттік мұрағат, жеке тектік қор.

### **Дәріс жоспары:**

- 1. Курстың пәні, мазмұны және міндеттері.*
- 2. Мұрағаттанудың объектісі. Мұрағаттану саласына байланысты түсініктемелік аппараттың қалыптасуы және даму кезеңдері.*

Мұрағат құжаттар сақталатын арнайы мекеме. Ол ұзақ уақыттардан бері арнайы жиналған сан алуан тарихи маңызы бар құжаттардан, іс-қағаздарынан тұрады, ал олар өз кезегінде дұрыс пайдаланылған жағдайда тарихты зерделеуге және оқиғалар мен құбылыстарды толымды түрде түсінуге мол мүмкіндік береді. Мұрағат дереккөздері негізінде өткенді танып білудің, тарихи дамуды екшеудің маңызы зор екендігі белгілі. Мұрағат құжаттары халық тарихының қайнар көзі. Бүгінгі таңда жаңа және қазіргі замандағы тарихи үрдістерді зерттеуде кез келген маман өз ізденістерінде мұрағат материалдарынсыз ешқандай келелі ой-пікір айта қоймайды, нақты тұжырым жасай алмайды. Себебі, тарих деректілік пен нақтылықты ғана таниды. Ал олар төл тарихымыздың тамыры терең қырлары мен сырларын ішіне бүккен мұрағат қорларында жатыр.

Мұрағатпен жеткілікті дәрежеде таныспау, оның қызмет аясын білмеу және мұрағаттанулық білімді меңгермеу көп жағдайда болашақ тарихшының маман ретінде қалыптасуына кедергі келтіреді де, оның тарихи дамуға деген ой-өрісін, гуманистік көз-қарастарын, таным-түсінігін едәуір тежейді.

Сол себепті де Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы тарихшы мамандықтарында «Мұрағаттану негіздері» пәнін оқыту мамандықтың оқу бағдарламасына сәйкес жылма-жыл жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді.

Мұрағаттануды оқып-білу өткен күн мен бүгінгі органикалық бірлікті, тұтастықты түсінуге, тарихи үрдістердің заңдылықтарын ашуға, тарихтың іргелі мәселелерін пайымдауға, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастарды зерделеуге жол ашады.

Өз мақсаты мен міндеттеріне сай «Мұрағаттану негіздері» пәні мұрағаттарға тікелей қатысты арнайы білімдердің кешенді жиынтығы іспеттес.

Мұрағаттануға кез келген елдегі мұрағат ісінің қалыптасуы мен тарихы, қызметі мен даму дәрежесі, мұрағаттардың құрылымы, мұрағат ісінің теориясы мен практикасы, құнды құжаттарды іріктеу, олардың сақталуын қамтамасыз ету әдістері мен тәсілдерінің, іс-қағаздары мен құжаттардың ғылыми-анықтамалық тетіктерін жасаудың, мұрағат қорларын пайдалануды ұйымдастыру және жетілдірудің негізгі принциптері жатады.

Қазіргі таңда мұрағаттану тарих ғылымының қосымша саласына айналып отыр. Кезінде ол тарих пен мемлекеттік-құқықтық практиканың ұштасқан тұсында пайда болған еді. Қалыптасуына мемлекеттік сыртқы және ішкі саясат бірінші кезекте өзіндік әсерін тигізді. Мемлекетаралық келісімшарттардың, өзге құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету барысында белгілі бір дәрежеде мұрағаттар пайда болып, солардың негізінде мұрағаттану қалыптасқан болатын. Бірте-бірте сақтауды қамтамасыз ететін мұндай мекемелердің қоғамдық қажеттілікке сай дамуы нәтижесінде мұрағаттарда өзге де құжаттар кешені жинақтала бастады. Сөйтіп, мұрағат құжаттарын пайдаланудың түбірлі өзгерістерге ұшырауы, мемлекеттік, салалық және жеке адамдардың мұрағаттарын қалыптастыру қызметінің ауқымының кеңейе түсуі, тарихи мұралардың мемлекеттік істерді жүргізуде, белгілі бір дәрежеде өткенді таразылауда, іс басқаруда және мемлекеттік даулы мәселелерді шешуде қолданылуы, құқықтық-практикалық түрлі сауалдарды реттеу ісінде, ғылыми және шығармашылық жұмыста алатын орнының барған сайын артуы мұрағаттанудың маңызын күшейтті. Қазіргі таңда мұрағаттануға археография, мұрағат құқығы, мұрағат менеджменті, автоматтандырылған мұрағат технологиялары, мұрағаттық статистика, т.б. кіріп, нәтижесінде «Мұрағаттану» кешенді ғылыми пәнге айналып, «мұрағаттар туралы ғылымның» әдістік, теориялық және құқықтық сауалдарын реттейтін курс ретінде сипатталынады. Мұрағаттануды оқытудағы басты мақсат мұрағат ісінің танымдық деңгейін көрсете отырып, кешенді ғылыми пән ретінде мұрағаттану теориясының негізі жөнінде студенттерге білім беру болып табылады. Бұл жерде курста мұрағаттанудың қазіргі таңдағы дәрежесіне, оның жеткен жетістіктеріне, міндеттері мен келешектегі рөліне де назар аударылуы тиіс екендігі белгілі жайт.

Бұл пәннің, соның ішінде мұрағаттану теориясы мен әдісінің зерттеу нысаны кез келген тасымалдаушыдағы мәтіндік құжат (қағазға түсірілген мәтіндер, ғылыми-техникалық немесе кино- суретқұжат, дыбысты ақпарат, микрофильм) болып табылады.

Мұрағаттану теориясы мен әдісінің зерттеу пәніне құжат- тармен ғылыми жұмыс істеудің мамандары (Е.В. Алексеева, т.б.) мынадай принциптері мен әдістерін жатқызады:

- 1) Мұрағатта сақталынатын құжаттарды іріктеу принциптері мен әдістері;
- 2) материалдардың толық сақталуын қамтамасыз ету тәсілдері;

- 3) құжат мазмұны туралы ақпараттар жүйесін қалыптастыру; 4) құжаттар ақпаратын жан-жақты пайдалануды ұйымдастыру; 5) мұрағат мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру.

Осы аталған принциптер негізінде өткен ғасырдың орта тұсында мұрағаттанудың ғылыми әдістері қалыптасты. Оған 1948 ЖЫЛЫ ЮНЕСКОның бастамасымен құрылған Мұрағаттардың Халықаралық Кеңесі секілді ұйым көп еңбек сіңірді. Бұл ұйымның (орталығы Парижде) әрбір төрт жыл сайын мұрағаттардың халықаралық конгресін шақырып тұруы өз кезегінде мұрағаттарды сақтау, кәсіби ақпараттар алмасу, арнаулы техникалық жабдықтарды жетілдіру және құжаттардың сақталуын барынша жақсарту, мамандар алмасу және мамандарды дайындауда көмек көрсету ісін біршама жандандырды деуге болады.

Мұрағаттану кешенді ғылыми пән ретінде басқа гуманитарлық және жаратылыстану ғылым салаларымен өте тығыз байланыста. Әсіресе оның төл тарих, әдебиет пен өнер тарихы, мемле- кеттік мекемелер мен техника тарихы, деректену мен қосалқы тарихи пәндер, өлкетану, құжаттану, информатика, кибернетика, математика, физика, химия, биология, т.б. ғылым салаларымен тығыз байланыста екендігі белгілі.

Олардың мұрағаттану ғылыми жетістіктері мен әлеуетін пайдаланып қана қоймайды, бұл ғылым салаларының дамуына да өз септігін тигізеді.

Мұрағат құжаттарының төл тарихымызбен қатар оның дәстүрлі мәдениетін жаңғыртуда да маңызы зор. Оны жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну- қоғамдық сананың қалыптасқандығын, ұлт мүддесіне сай игілікті шаралар атқарылып жатқандығын нақты көрсетеді. Тарихта орын алған кейбір оқиғалар мен құбылыстарды сипаттау әлдеқандай озбырлық пен бұрмалауға ұшыраған күннің өзінде, ол уақыт өте келе қайтадан қалпына келеді, өйткені оның шындығын бұрмалауға мұрағат құжаттары жол бермейді. Мұндай жағдай кеңестік салқын саясат әсерінен кейбір тұстары бүркемеленген қазақ тарихына да тән болып келгенімен, тәуелсіздіктің арқасында жүріп өткен ұлт белестері біздің тарихымызды объективтілік тұрғысынан жазуға өзінің игі ықпалын тигізіп отыр. Бұл істе осы оқу құралының да жас тарихшыларды мұрағат ісін меңгеруге, мұрағаттағы құнды құжаттарды танып-білуге, мұрағат қыр-сырын түсінуге аздап үлесі болатындығына сенім мол.

Бүгінгі күні тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қазақ тілінің мәртебесінің өсуі байқалады. Дегенмен, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғанымен, ғылымитехникалық салаларда, іс жүргізуде қолдану аясы тарылып, қағажу көріп келгендігін Мемлекеттік терминологиялық комитет ескеріп, соңғы жылдары мұрағаттану саласында көптеген сөздердің қазақша баламасын жасап бекітті. Терминдер саласын қазіргі талаптарға сай қайта жүйелеп, кемелдендіру отандық ғылымды дамытатындығы анық.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1. «Мұрағат» сөзінің түпкі мәні.*
- 2. Мұрағат ісінің негізгі аспектілерін көрсетіңіз.*
- 3. Мұрағат ісінің мақсаттарының дамуын айқындаңыз.*
- 4. Мұрағаттануды дамытудың мақсаты мен міндеттерін жіктеңіз.*
- 5. Мұрағаттанудың пайда болуы мен дамытудың теориялық негіздерін сипаттаңыз.*

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П., Бурова Е.М. Архивоведение. Теория и методика. Учебник / Издание второе, переработанная – М.,2016.- 296 с.
2. Горкуш, С. В. Архивоведение: Практикум : учебное пособие / С. В. Горкуш, М. Н. Гусарова. — Москва : РТУ МИРЭА, 2022. — 86 с. — Текст : электронный // Лань : электронно-библиотечная система. — URL: <https://e.lanbook.com/book/256835> (дата обращения: 20.09.2023). — Режим доступа: для авториз. пользователей.
3. Тельчаров, А. Д. Архивоведение: учебное пособие / А. Д. Тельчаров. — 5-е изд. — Москва: Дашков и К, 2022. — 184 с. — ISBN 978-5-394-04225-6. — Текст : электронный // Лань : электронно-библиотечная система. — URL: <https://e.lanbook.com/book/277184> (дата обращения: 20.09.2023). — Режим доступа: для авториз. пользователей.
4. Сексенбаева Г.А.Архивное дело в зарубежных странах. Алматы, 2019.
5. Сабденова Г.Е. Мұрағаттану. Алматы, 2008.-146 б.
6. Абдулина Т. Из истории архивного дела Казахстана. Алматы., 2020.- 289 с.